

## Қазақстан Республикасының аумағынан қара металдардың қалдықтарымен сыйықтарын әкетуге тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 тамыздағы № 868 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 тамызда № 11966 болып тіркелді

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәурудегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 7-қосымшасың 10-бөліміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының аумағынан легирленген болаттың қалдықтары мен сыйықтарын, оның ішінде тотығуға төзімді болатты (ЕЭО СЭК ТН кодтары 7204 21 100 0, 7204 21 900 0) және өзгелерін (ЕЭО СЭК ТН коды 7204 29 000 0) қоспағанда, қара металдардың қалдықтары мен сыйықтарын (ЕЭО СЭК ТН коды 7204) әкетуге төрт ай мерзіміне тыйым салу енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А. Қ. Ержанов):

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағының орындалуы бойынша бақылауды қамтамасыз ету туралы;

2) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау туралы хабарласын;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі белгіленген тәртіpte: Еуразиялық экономикалық комиссиясын осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тыйым салу туралы хабардар етсін;

Еуразиялық экономикалық комиссияның қарауына Еуразиялық экономикалық одағына мүше басқа мемлекеттердің осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген шараларды қолдануы туралы ұсынысты енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А. Қ. Ержанов):

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгенінен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму

министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларының орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялаған қунінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы  
С. Сарсенов*

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі  
-----  
Б. Сұлтанов*

2015 жылғы 25 тамыз

*«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
-----  
Е. Досаев*

2015 жылғы 25 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК